



Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана

№3 (мамыр-маусым), 2015 год

№3 (май-июнь), 2015 год

Құрылтайшы: «Педагогикалық
Ғылымдар Академиясы» ҚБ

МАЗМУНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

Редакциялық алқа:

А.Қ. ҚҰСАЙЫНОВ
бас редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА
бас редактордың орынбасары

Е.В. АСТАХОВА (Украина)
К.К. БӨРІБЕКОВ
А.Н. ДЖУРИНСКИЙ (Ресей)
С.В. ИВАНОВА (Ресей)
С.Т. ҚАРҒИН
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (Ресей)
Л.Х. МӘЖИТОВА
А.М. МАМЫТОВ (Қырғызстан)
К.Н. НӨРІБАЕВ

Редакциялық кеңес:

Ш.Т. ТАУБАЕВА
К.Ө. ҚОНАҚОВА
О.С. САҒҒЫЛБАЕВ
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. ҚОҢЫРОВА

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде қайта тіркеліп,
24.01.2013 ж.
№13303-Ж куәлігі берілген
Хабаршы жылына 6 рет шығады

«Вестник АПН Казахстана» журналы
ҚР БҒМ БҒСБК (ККСОН) педагогикалық
ғылымдар бойынша негізгі қорытындыларды
жариялауға ұсынған ғылыми басылым

ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу
(цитирование) қоры мәліметтері бойынша
журнал импакт-факторы 0,006

Мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы
Қарасай батыр көшесі, 85
Телефон: 8 (727) 261-08-81
Факс: 8 (727) 267-59-54
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Баспахананың мекенжайы:

050000, г. Алматы
ЖШС «Далапринт»
Ереванская к-сі, 1 В,
Тел.: +7(727) 290-86-47

Пішіні 70x100%
Қағаз офсеттік. Шартты баспа табағы 16,5
Таралымы 300 дана

© «Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ, 2015

Бас редактордың жолдауы 3
Обращение главного редактора 4

S. KULMAGAMBETOVA
General pedagogical technologies in education 5

Ә.Т. АХМЕТОВ
«Мәңгілік ел» идеясы және көне түркі жазба
ескерткіштері 11

Р.К. ДЮСЕМБИНОВА
Б.К. МАУДАРБЕКОВА
Интернационализация и глобализация высшего
образования и их влияние на национальные системы
образования 18

Г.Ж. НИЯЗОВА
А.А. МІНДЕТБАЕВА
Н. ШЕКТІБАЕВ
Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетіл-
діру 26

Е.С. ДАВЛЕТКАЛИЕВА
Б.К. МУЛДАШЕВА
От рефлексивного практика – к эффективному
педагогу 32

Т.С. ШУМЕЙКО
Формирование готовности будущих педагогов к
гражданско-патриотическому воспитанию школьни-
ков в процессе проектно-исследовательской деятель-
ности по этнопедагогике 38

А.Н. ИМАНБЕТОВ
Ж.БӨЖИГ
М.Т. БӨДЕЕВ
Ү.Ә. АХМЕТЖАНОВА
Студенттерге қазақ этнопедагогикасы негізінде
патриоттық тәрбие беру проблемасының зерттелу дең-
гейі мен қазіргі жағдайы 43

Ж.Б. БАЙСЕЙТОВА
Исследование готовности будущих педагогов к
работе с учащимися девиантного поведения 48

Г.В. ISSAYEVA
Contemporary development of civilized society is
characterized by the processes of informatization 55

Учредитель
ОО «Академия Педагогических Наук»

Редакционная коллегия:

А.К. КУСАИНОВ
главный редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА
зам. главного редактора

Е.В. АСТАХОВА (Украина)
К.К. БОРИБЕКОВ

А.Н. ДЖУРИНСКИЙ (Россия)
С.В. ИВАНОВА (Россия)

С.Т. КАРГИН
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (Россия)

Л.Х. МАЖИТОВА
А.М. МАМЫТОВ (Кыргызстан)

К.Н. НАРИБАЕВ

Редакционный совет:

Ш.Т. ТАУБАЕВА
К.У. КУНАКОВА
О.С. САНГИЛБАЕВ

А.Б. БАИРОВА
Р.О. НИЯЗОВА
Ж.Б. КОНЫРОВА

Свидетельство о перерегистрации
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан №13303-Ж
от 21.01.2013 г.

Вестник выходит 6 раз в год

Научный журнал «Вестник АПН
Казахстана»
рекомендован ККСОН МОН РК
для публикации основных результатов
по педагогическим наукам

По данным Казахстанской базы
цитирования НЦ НТИ
импакт фактор журнала 0,006
Мнения авторов не отражают
точку зрения редакции.

Адрес редакции:

050012, г. Алматы
ул. Карасай багыра, 85
Тел./факс: 8 (727) 261-08-81
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Адрес типографии:

050000, г. Алматы
ТОО «Далапринт»
ул. Ереванская, 1 в,
Тел.: +7(727) 290-86-47

Формат 70x100^{1/8}.
Бумага офсетная. Усл.-печ.л. 16,5
Тираж 300 экз.

© ОО «Академия
Педагогических Наук», 2015

Ш.М. МУХТАРОВА
Ж.Х. КЕНДИРБЕКОВА

Транспериферийный подход к структурированию
этнического компонента в содержании образования60

А.Е. БЕКТУРГАНОВ
М.Ж. МАЛЫТЕКБАСОВ

Г.К. КАЛЖАНОВА
Г.О. КОЖАШЕВА

Принципы модульно-компетентностного подхода
при формировании учебного плана образовательной
программы 67

D.B. SHAYAKHMETOVA
A.B. KOKAMBAEVA

The formation of cognitive competence on the basis
of integrative situated and problem-oriented approach to
teaching foreign languages 74

Г.А. КАСЕН
А.М. КУДАЙБЕРГЕНОВА

Исследовательские задания в преподавании пси-
холого-педагогических дисциплин как средство форми-
рования профессионального мышления студентов 79

А.О. КАЛЫКОВА

Дуальді оқыту жүйесі – кәсіптік білім берудің ұтым-
ды жолы 87

Ш.Ж. РАМАНКУЛОВ
К.М. БЕРКИМБАЕВ

Т.А. ТУРМАМБЕКОВ

Білімді ақпараттандыру жағдайында болашақ
физика мұғалімдеріне «Оптика» пәнін оқытудың әдіс-
тәсілдері мен құралдары 93

Н.С. БАЙМУЛДИНА
С.А. БАЙТЕНОВА

Н.Б. ЗАКАРИЯНОВА

Б.А. МАКСУТОВА

Болашақ информатика пәні мұғалімдерінің
әдістемелік жүйесі және оқу үдерісінде ақпараттық
жүйені басқаруды пайдалану 99

Е.Қ. УАЛИЕВ

Көркемдік білім беру үдерісіндегі сәндік-қолдан-
балы өнердің (ағаш өңдеу өнері) мамандарын даярлау-
дың кейбір мәселелері 105

А.Е. КУСАНОВА

Учебно-воспитательный процесс в хореографи-
ческом коллективе 112

А.К. МЫНБАЕВА

З.У. ЕЛЫБАЕВА

Қазақстан мен Ұлыбританияның мектептік білім
беру жүйесі 118

Б.Б. ДЖАКУБАКЫНОВ

К.А. КУЛАТАЕВ

Балльно-рейтинговая система оценки качества
диссертаций 126

УДК 37.02

ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ – КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛЫ

А.О. КАЛЫКОВА

магистр, «Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының
аға оқытушысы

Алматы технологиялық университеті
e-mail: A.oralbekovna@mail.ru

Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру жүйесі дуальді оқыту элементтерін белсенді түрде енгізуді бастады. Дуальді оқыту кезінде студенттерді даярлаудың теориялық бөлігі білім беру ұйымында, ал практикалық бөлігі кәсіпорында өткізіледі. Бұл оқыту жүйесінің ерекшелігі болашақ мамандар тікелей жұмыс орнында біліктілік дағдыларын алады.

Дуальді оқытуды енгізудің маңыздылығы Қазақстан экономикасының инновациялық бағыт алуына байланысты техникалық және кәсіби мамандарды даярлау жүйесін жетілдіруді талап етуінен туындайды. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму Бағдарламасын жүзеге асыру барысында бүгінге дейін ондаған кәсіпорындар іске қосылды. Оларға мыңдаған кадрлар қажет. Осыған байланысты дуальді оқыту маман даярлаудың ең тиімді формасы болып табылады.

Елімізде дуальді оқыту жүйесін табысты енгізу үшін бірқатар мәселелердің шешімін табу қажет. Олардың ішінде әсіресе кәсіптік білім берудің материалдық-техникалық базасын нығайту, жұмыс берушілер мен білім мекемесінің арасындағы өзара әріптестік, кәсіптік білім берудің жаңа оқу бағдарламаларын құрастыруға кәсіпорындарды тарту, еңбек нарығын зерттеу маңызды. Осы сияқты мәселелерді шешу Қазақстан экономикасы үшін білікті мамандарды даярлау үдерісін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Кілтті сөздер: дуальді оқыту, кәсіптік білім, теория мен практика, индустрияландыру.

Кіріспе

Қазақстан 2020 жылға қарай білімді мемлекет, ақылмен құрылған экономикасы бар және біліктілігі жоғары жұмыс күшіне ие мемлекетке айналуы тиіс. Сондықтан білім беру жүйесін еліміздің болашақ экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени табыстарына негіз қалайтындай деңгейге жеткізу міндеті қойылып отыр. Осы тұрғыда білім беру саласы басшылыққа алатын «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» мақсаттарының қатарында «қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім

жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу; еңбек нарығының, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізу» делінуі тегін емес [1].

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әлемнің ең дамыған және бәсекелестікке барынша қабілетті 30 елінің қатарынан орын алу міндетін қойған болатын. Осы тұрғыда еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету, экономика-

ны әртараптандыру және жаңғырту, бөсекеге қабілетті өнім өндіру өндірісі және экспортты ұлғайту үшін жағдай жасау негізінде Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Стратегия бойынша өңдеуші өнеркәсіптегі және қызмет көрсету саласындағы бөсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған тауарлар, жұмыстар мен қызмет түрлерінің өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты негізі болып табылады. Стратегияны табыспен жүзеге асыру Қазақстанды әлеуметтік дамудың және қоғамдық құрылымның жаңа деңгейіне шығарады. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту міндетін орындай отырып, біз экономиканы нығайтамыз, қоғамды тұрақты етеміз, халықтың әлауқатын арттырамыз, – деп атап көрсетті Президент. Сондай-ақ экономиканың өсуі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне және тұрғындардың нақты табысының өсуіне ықпал ететін болады [2].

Қазіргі тұста индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының бірінші бесжылдығы мәресіне жетіп, екінші бесжылдық жоспарын іске асыру шаралары басталды. **Үдемелі индустрияландыру** бағдарламасы аясында 2010 жылдан бері 400-ге тарта инвестициялық жоба іске асырылды, 45 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Осы ретте, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында ашылып жатқан өндіріс орындары неғұрлым саналуан дағдылар мен біліктіліктерді меңгерген, өте жақсы үйретілген, анағұрлым жауапты және еркін ойлы жұмысшыларға мұқтаждықты ала келді. Ендігі уақытта ел экономикасының индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білім жүйесінің құрылымын жаңарту; мамандар даярлаудың инфрақұрылымын дамыту; кәсіптік білім алудың беделін арттыру; еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі

бар кадрлармен қамтамасыз ету; жоғары білімнің еуропалық аймағына бірігуді қамтамасыз ету; білімнің, ғылымның және өндірістің бірігуін қамтамасыз ету міндеттерін орындау қажет. Өйткені техникалық және кәсіптік білім беру еңбек нарығының сұраныстарын және экономика мен әлеуметтік саланы дамытудың перспективаларын қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады [1].

Халықтың әл-ауқатын арттыруға үлкен маңыз берілуінің тағы бір айқын көрінісі – ҚР-ның Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жаңа Жолдауы. Елбасы 2014 жылдың 11 қарашасында жариялаған «Нұрлы жол» Жаңа Экономикалық саясатында халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін қамтамасыз ету үшін мындаған жаңа жұмыс орындары ашылатынын мәлімдеді. Президент: «Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын» деп атап көрсетті [3].

Негізгі бөлім

Осы аталған міндеттердің шешімін табу мақсатында елімізде кәсіптік білім беру жүйесінде дуальді оқыту моделі таңдап алынды. Дуальді оқыту дегеніміз теориялық және практикалық білімдерді бір мезгілде алуды білдіретін оқу түрі. Бұл жүйе бойынша оқыту үдерісінің практикалық құрамдасы ұлғайып, сабақтар дәл жұмыс орнында өткізіледі. Жоғары оқу орындарында кәсіптік оқытудағы дуальді білім беру бойынша оқу үдерісінің практикалық және теориялық бөліктері бүкіл оқу кезеңі бойында бірімен бірі алма-кезек ауысып келіп отырады. Тікелей университетте өткізілетін теориялық бөлім әдеттегідей дәрістер, семинарлар, жобалық жұмыстар

түрінде өтеді және семестр соңында емтихан алумен аяқталады. Ал студенттер үшін ең қызығушылық туғызатын практикалық бөлім келісім-шарт жасалған кәсіпорында, мекемеде жалғасады. Мұнда студенттер осы еңбек орнындағы жұмыс үдерісіне қатысып, іс жүзінде нақты тәжірибе алу мүмкіндігіне ие болады. Осылайша көзбен көріп, қолмен атқарылған жұмыстың тез ұмыт бола қоймайтыны белгілі. Мұның бәрі дуальді оқытудың артықшылығы болып табылады. Егер оқу жоспарында көзделген болса, осы кәсіпорындағы бір бөлімде ғана емес, бірнеше бөліміндегі жұмыс барысымен таныс болып шығады. Дуальді оқыту жүйесі қазіргі күні Германия, Франция, Қытай сияқты елдерде өзінің тиімділігін көрсетіп берді.

Дуальді оқыту теория мен практика арасындағы бұрыннан келе жатқан мәселеге жауап болып табылады. Яғни, жоғары оқу орнын бітірген түлектерді жалаң теориямен қаруланған тәжірибесіз маман деп қабылдау басым болып келді. Ал дуальді оқыту моделінің дәстүрлі білім беруден артықшылықтары көп. Оқытудың бұл түрінде маман даярлаудың теориялық бөлігі оқу орнында, ал практикалық жағы тікелей жұмыс орнында өтеді. Тағы бір өзгешелігі, дуальді оқытудың шарты бойынша кәсіпорындар оқу орнына өзіне қажетті мамандар мен олардың санын көрсетіп тапсырыс береді және тиісті мамандықтың оқу бағдарламасын құрастыруға қатынасады. Осылайша студенттер оқи жүріп кәсіпорында тәжірибеден өтеді. Студенттерді үйретуге кәсіпорындағы білікті мамандар тартылады. Бұл тапсырыс берушіге де, оқу орнына да тиімді. Болашақ маманның жұмыссыз қалмауына кепілдік ретінде де дуальді оқытудың тиімділігі зор.

Жалпы дуальді оқыту моделі Германияда, оның ішінде Баден-Вюртемберг жерінен бастау алды және ол аз уақыттың ішінде табысқа жетудің үлгісіне айналып, көптеген елдерге та-

рап жатыр. Барған сайын танымалдығы артып келе жатқан бұл жүйеге енді жаңа мамандықтар да тартылуда. Германиялық жүйе бойынша жоғары оқу орнындағы кәсіптік білімді мамандығына сәйкес кәсіпорындағы практикамен ұштастыру – дуальді оқытудың негізі болып табылады. Мұнда әрбір мамандық бойынша оның мазмұнын құрайтын элементтер кәсіби оқыту үдерісінің біртұтас компонентіне кіреді. Бұл бағдарлама білім берудің, оқыту мен практиканың өзара ықпалдасуының айқын көрінісі [4].

Дуальді оқытудың немістік үлгісінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Германияда талапкер оқуға түспестен бұрын өзі таңдаған мамандығына сәйкес кәсіпорын, өндіріс орны немесе компания тауып, онымен байланысқа шығады. Компанияда ұйымдастырылатын әңгімелесуден өткен соң фирма талапкермен келісім-шарт жасайды және оқу ақысын төлеуге міндеттенеді. Осыдан кейін ғана талапкер студент қатарына қабылданды деп саналады. Бұл арада Германияда білім алуға қойылатын талап өте қатаң екенін атап айту қажет. Оқуын табысты аяқтаған жағдайда студент жоғары кәсіби біліммен қоса арнайы дағдылар мен біліктіліктерге ие болады.

Дуальді оқыту моделінің соңғы кезде кеңінен тарай бастауы оның сыннан жақсы өткенін білдіреді. Әсіресе Еуропа елдерінде бұл жүйенің нәтижелілігіне көзі жеткен талапкерлер барған сайын дуальді білім беретін оқу орындарын таңдауда. Компаниядағы практикалық тәжірибе мен университеттің дәріс залындағы теориялық сағаттардың үйлесімі бұл жүйеге басқа оқыту модельдеріне нақты балама ретінде көп артықшылықтар береді.

Германияда дуальді оқыту жүйесінде білім алғандар өзге де оқу орындарын бітірген түлектер арасында ең үлкен сұранысқа ие және бұл нәтиже осы модельдің сапасын білдіреді. Өйткені білікті мамандарды жұмысқа алуға жұмыс берушілер де мүдделі, неғұрлым кәсіби

мамандар көп болса, еңбек өнімділігі де арта түседі [4].

Бүгінгі күні Қазақстанның 120-дан астам техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен кәсіпорындары дуальді оқыту үдерісіне қатысуда. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету алдағы уақытта дуальді білім беру жүйесінің көкжиегін кеңейте түсетінін білдіреді. Кәсіптік білім беруде әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу кәсіптік білім берудің құрылымын түгелдей жаңғыртып, онда білім алудың беделін арттыра түседі.

Дуальді оқыту моделін енгізу мәселесі кәсіптік білім беру мекемелері жұмыс берушілердің сұранысына сай маман даярлауға бағдарлануына байланысты өзектілене түсті. Өйткені еліміздегі кәсіптік білім беретін оқу орындарының материалдық-техникалық жарақтандырылу деңгейі әлі де тиісті деңгейде еместігі белгілі. Бұл өз кезегінде маман даярлаудың сапасына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Осы тұрғыда дуальді оқыту жүйесі осы мәселенің шешімін табуға көмектеседі. Өйткені оқу үдерісінің практикалық бөлігін тікелей кәсіпорында өткізу осы олқылықтың алдын алуға және мамандардың болашақ кәсібінің қыр-сырын ұғынуына көмектеседі.

Дегенмен, дуальді оқыту жүйесін дамытуда бірқатар кедергілер бар, олар ең алдымен өндірістік практиканы ұйымдастыру мәселесіне байланысты туындайды. Яғни, студенттердің практикасы өткізілетін кәсіпорын оны ұйымдастыру үшін белгілі бір қаржы бөлуі қажет. Сонымен бірге үйретуші шеберлерді тарту және оларды ынталандыру жолдарын табу керек. Бірақ көптеген кәсіпорындар мамандарды бірлесіп даярлауға ынталылық таныта қоймайды, қаржы шығындағысы келмейді. Бұл мәселені оңды шешу үшін осы жүйе туралы заңнамалық, қаржылық құралдарды енгізу аса қажет.

Осы тұрғыда мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің кепілі деп саналатын дуальді оқытуды тиімді жүзеге асырудың бірнеше шарттары бар, олар:

– кәсіптік білім берудің материалдық базасын нығайту;

– кәсіпорындармен байланыс орталықтарының болуы;

– жұмыс берушілер мен оқу орындарының жетекшілері арасындағы өзара әріптестік;

– кәсіптік білім берудің міндеттерін белгілеуге кәсіпорындардағы білікті мамандарды тарту;

– мамандарға тапсырыс қабылдау жүйесін дамыту;

– жұмыс берушілердің кәсіптік стандарттарды әзірлеуге қатысуы;

– еңбек нарығында сұранысқа ие болатын мамандар туралы болжамдар жасау үшін арнайы зерттеулер ұйымдастыру.

Сондай-ақ жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды кәсіптік бағдарлауға үлкен мән беру, бейінді оқыту бағдарламаларын дамыту олардың мамандық таңдауда қателеспеуіне септігін тигізеді. Бұл үшін қоғамда жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру шараларын жүргізу, адал еңбекті, қарапайым жұмысшыларды дәріптеу де жастардың еңбекке деген көзқарастарының ертерек қалыптасуына, кез келген адал кәсіпті құрметтеуіне ықпал етері сөзсіз.

Кәсіптік-техникалық мамандарды даярлаудың ең тиімді формасы саналатын дуальді оқыту практикалық бағдарлы тәсіл ретінде өте тиімді. Білімді өндірісте жалғастырған студенттер мұнда өз кәсібінің негізгі ерекшеліктерін үйренеді, барлығын өз қолдарымен істеуге дағдыланады. Олардың бойында жұмыс істеу құзыреттіліктері қалыптасады. Дуальді оқытудың арқасында студент ертеңгі күніне алаңдамай, сол өндіріс орнында бірден кәсіби міндеттерін атқаруға кірісіп кетеді.

Қазіргі кезде бүкіл әлем елдерін шарпыған жұмыссыздық проблемасы еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік

талаптарын күшейте түсті. Дуальді оқыту жұмыссыздықтың алдын алуға да көмектесе алады. Өйткені дуальді оқыту нәтижесінде оқуын бітірген жас маман дипломмен қоса нақты практикалық дағдыларға ие болады, бұл оның бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Сонымен бірге ұжымда жұмыс істеуге үйренеді. Бұл жүйе кәсіпорын үшін де тиімді, өйткені олар жаңадан келген жас маманды үйрету үшін уақыт шығындамайды.

Дуальді оқыту жүйесіне тән тағы бір ерекшелік, университет оқытушыларымен қатар серіктес кәсіпорынның тәжірибесі мол білікті мамандары да келіп студенттерге дәріс оқиды. Мұндай дәрістің сапасы адамның тұлғалық қасиетіне, өз кәсібіне шын берілгендігіне байланысты және оның жеке іс-тәжірибесі студенттер үшін қызықты болатыны сөзсіз.

Қазіргі кезде жастар көбінесе қоғамда жоғары мәртебеге ие мамандықтарға, оның ішінде қаржы, банк ісі, заңгерлік сияқты оқу орындарына түсуге ұмтылады. Соның нәтижесінде осындай дипломы бар жастар көбінесе жұмыс таба алмай өзге салаларға ауысып жатады. Ал дуальді оқыту жүйесінде осы мамандықты әдейі тандап келетін болған соң кездейсоқ түскендер болмайды. Практика өткізілген кәсіпорында жұмысқа қабылдану студенттің оқуға талабына, еңбекке де-

ген ынта-ықыласына тәуелді. Осыған көзі жеткен кезкелген студент оқи жүріп өз кәсібінің қыр-сырына қанығып, мамандыққа құрметпен қарай алатын болады және еңбектің қадірін ұғынады. Дуальді оқыту жүйесінде білім алып, еңбекке араласқан жастардың көбеюі қоғамда жұмысшы мамандығының мәртебесі өсуіне септігін тигізеді.

Қорытынды

Дуальді оқыту жүйесінің елімізде табыспен жүзеге асырылуы еңбек нарығын құзыретті мамандармен қамтамасыз етуге үлес қосып, жұмыссыздық проблемасын шешуге жәрдемдесетіні айқын. Өндіріс орындарының білікті де білімді, жаңа технологиялармен қаруланған мамандармен толығыуы ел экономикасының қарқын алуының бір шарты.

Осылайша, кәсіби білім алып, нақты мамандық бойынша қажетті білімдер мен дағдыларды меңгеру үдерісін жүзеге асыруға арналған кәсіптік білім беру жүйесі әлемдік білім беру саласындағы озық тәжірибе ретінде дуальді оқыту моделін енгізу нәтижесінде жаңа сапаға қол жеткізеді. Дуальді оқыту элементтерін тиімді жүзеге асырған оқу орындарының тәжірибесі алдағы уақытта дуальді жүйенің қазақстандық үлгісін қабылдауға негіз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // URL: www.zakon.kz
2. Назарбаев Н. «Қазақстан–2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Алматы. – 2014.
3. Назарбаев Н. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол // URL: www.strategy2050.kz
4. DualesStudium – ausbildungsintegrierend // URL: www.hochschulkompass.de

REFERENCES

1. Education of the Republic of Kazakhstan state program for 2011–2020 // URL: www.zakon.kz
2. Nazarbayev N. «Kazakhstan–2050» Strategy of the new policy. – Almaty, 2014.
3. Nazarbayev N. Light – Way of the Future // URL: www.strategy2050.kz
4. DualesStudium –ausbildungsintegrierend // URL: www.hochschulkompass.de

КАЛЫКОВА А.О. ДУАЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ – ЭФФЕКТИВНЫЙ ПУТЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В настоящее время образовательная система Казахстана начала активно внедрять элементы дуального обучения. При этом теоретическая часть подготовки студентов проходит на базе образовательной организации, а практическая часть – на предприятии. Особенность дуального обучения состоит в том, что будущие специалисты могут получить навыки непосредственно на рабочем месте.

Необходимость внедрения дуального обучения связана с тем, что инновационный курс экономики Казахстана требует совершенствования системы подготовки технических и профессиональных кадров. В ходе реализации Программы форсированного индустриально-инновационного развития в настоящее время успешно действуют десятки новых предприятия. В этом отношении дуальное обучение является самой приемлемой формой подготовки кадров, т.к. совмещает теорию и практику.

Успешное внедрение системы дуального обучения в нашей стране требует решения ряда проблем, в числе которых – укрепление материально-технической базы профобразования; взаимодействие между работодателями и образовательным учреждением; подготовка новых учебных программ профобразования с участием предприятий изучение рынка труда и др. Решение этих и других вопросов будет способствовать обеспечению процесса практической подготовки будущих профессиональных кадров для экономики Казахстана.

Ключевые слова: дуальное обучение, профессиональное образование, теория и практика, индустриализация.

KALYKOV A.O. DUAL TRAINING AS AN EFFECTIVE WAY OF PROFESSIONAL TRAINING

Elements of dual training are now actively introduced into the educational system of Kazakhstan. In dual training, the theoretical part of training takes place in an educational organization, while its practical part takes place at an enterprise. This allows the future professionals to gain skills directly at the workplace.

The need to introduce dual training system is because the innovative course of Kazakhstan economy requires improving the training of technical and professional staff. Dozens of new enterprises were open and are successfully operating in the framework of the Program of Forced Industrial and Innovative Development. In this regard, dual training is the most acceptable form of training since it combines theory and practice.

The successful introduction of dual training in our country requires solving a number of problems, including the strengthening of the material and technical basis of vocational training; the interaction between the employers and the educational institutions; preparation of new programs of vocational training together with the enterprises; study of the labor market, and etc. These and other issues will contribute to the process of training of future professionals for Kazakhstan economy.

Keywords: dual training, vocational training, theory and practice, industrialization.